13 қараша 2026 ж.

«Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасына қатысты мәлімдеме

Алматы, Қазақстан – «Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания» және оның еншілес кәсіпорны FlyArystan-мен бірге «Топ»), «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы ұсталғаны туралы ақпаратты назарға алғанын хабарлайды.

Ол сондай-ақ Топтың Директорлар кеңесінің атқарушы емес төрағасы қызметін атқарады.

Топ жағдайдың дамуын бақылауды жалғастыруда.

Қосымша ақпарат алу үшін келесіге хабарласыңыз:

Инвесторлармен байланыстар жөніндегі қызмет:	investor.relations@airastana.com
Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі департамент:	media@airastana.com
Қаржы медиа сұрақтары бойынша:	airastana@fticonsulting.com

Air Astana тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 65 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 15 мәрте иеленді және қатарынан 10 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan төрт рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.